

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 тамыз N 983 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 шілдедегі № 597 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.07.2015 № 597 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Жастардың ғылыми, шығармашылық және қоғамдық қызметін қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі Комиссиясы туралы қоса беріліп отырған ережелер бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1038 қаулысымен.**

2 . < \* >

**Ескерту. 2-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1998.10.27. N 1086 қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен сыйлық беретін жылы мемлекеттік бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттарына ақшалай сыйлық төлеуге қаражат көздесін.

4. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 7 тамыздағы

N 983 қаулысымен

бекітілген

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы туралы ЕРЕЖЕ

1. "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы (Бұдан әрі - сыйлық) Қазақстан Республикасының 35 жасқа дейінгі азаматтарына жемісті ғылыми, шығармашылық және қоғамдық қызметі үшін беріледі. Сыйлық талантты жастарды ынталандыру және олардың айрықша сіңірген еңбегін тану мақсатында беріледі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1038 қаулысымен.

2. Сыйлық мынадай (саны 10): ғылым, әдебиет, журналистика, спорт, халық шығармашылығы, дизайн және бейнелеу өнері, эстрада, театр және кино, классикалық музыка, қоғамдық қызмет атаулары бойынша екі жылда бір рет беріледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1038 қаулысымен.

3. Сыйлықтың ақшалай мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі берілетін жылы белгілейді.

4. Сыйлық беруге қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті саланы және тұтастай алғанда қоғамды дамытуға ықпал ететін кандидаттар ұсынылады.

Бір кандидатураны сыйлыққа қайта ұсынуға болмайды. Бір кандидатураны бір саладан артық сыйлыққа ұсынуға болмайды.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1038 қаулысымен.

5. Конкурстық құжаттарды қабылдау, іріктеу, талқылау және сыйлыққа ұсыну туралы шешімдер қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі Комиссия (бұдан әрі - Комиссия) жүзеге асырады.

Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі сыйлық берілетін жылы бекітеді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1038 қаулысымен.

6. Кандидатураларды сыйлыққа ұсыну тәртібі мен мерзімі туралы хабарландыру, сондай-ақ жекелеген атаулар бойынша Комиссияның қарауына берілетін қажетті конкурстық материалдардың тізбесі осы Ереженің 13-тармағына сәйкес сыйлық ресми тапсырылғанға дейін төрт айдан кешіктірмей



Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығы жөніндегі Комиссиясының төрағасы бекітеді.

Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6                    ж ы л ғ ы                    7                    т а м ы з д а ғ ы

№                    9 8 3                    қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі Комиссия туралы ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. № 1038 қаулысымен.**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі Комиссия (Бұдан әрі - Комиссия) сарапшы-кеңесші орган болып табылады, ол өз міндеттерін қоғамдық негізде атқаратын мәдениеттің, өнердің, ғылымның беделді қайраткерлерінен, орталық атқарушы органдардың жауапты қызметкерлерінен құрылады.

Комиссия қызметінің ұйымдық, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жүзеге асырады.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. № 1038 , 2004.08.26. № 897 , 2005.09.29. № 964 қаулыларымен.**

2. Комиссияның жұмысын төраға бастаған төралқа басқарады.

Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Комиссияның отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіру үшін және Комиссия әзірлейтін шешімдер үшін дербес жауапты болады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды.

Комиссия хатшысы Комиссия отырыстарының күн тәртібі жөніндегі ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және ол өткізілгеннен кейін хаттаманы ресімдейді.

Хатшы жұмыс тобының мүшесі болып табылмайды.

Комиссия мүшелері Комиссия қызметіне алмастыру құқығынсыз қатысады.

Комиссияның дербес құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі сыйлық берілетін жылы бекітеді.

Комиссияның сандық құрамы 28 адамнан аспауға тиіс.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1038 , 2004.08.26. N 897 , 2006.08.22. N 797 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Комиссия өзіне жүктелген міндеттері бойынша:  
сыйлыққа ұсынылған кандидатуралардың конкурстық құжаттарын қабылдап, алдын ала қарайды, оларды ұсыну тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді;  
кандидатураларды іріктеп алып, конкурсқа қатысуға рұқсат ету туралы ұсыныстар енгізеді, конкурсқа жіберілген жұмыстарды ұсынған ұйымдарды көрсете отырып, олардың тізімін баспасөзде жариялайды;  
конкурсқа жіберілген кандидатуралардың қызметін кең және ашық талқылануын ұйымдастырады;  
сыйлықтарды беру туралы шешім қабылдайды;  
сыйлық лауреатының дипломдары мен омырауға тағатын белгісін ресімдейді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1038 қаулысымен .

4. Комиссия сыйлыққа ұсынылған кандидатураларды алдын ала қарау үшін секциялар мен сараптау топтарын құрады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1038 , 2005.09.29. N 964 қаулыларымен .

5. Сыйлық алуға ұсынылған кандидатураларды Комиссия екі кезеңде қарайды . Біріншісінде Комиссия конкурсқа сыйлық алуға қатысу үшін кандидатураларды іріктейді, екіншісінде сыйлық тағайындау туралы шешім қабылдайды.

Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып саналады .

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша оның барлық мүшелері міндетті түрде қол қоятын хаттама жасалады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 797 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

6. Егер де сыйлыққа Комиссия мүшесінің кандидатурасы ұсынылған болса, оның авторы Комиссияның секциялары мен мәжілістерінің жұмысына қатыспайды .

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1038 қаулысымен .

7. Мемлекеттік сыйлықты беру туралы шешімді Комиссия дауыс беру нәтижелері бойынша қабылдайды және ол Қазақстан Республикасының Үкіметі

бекіткеннен кейін күшіне кіреді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Мемлекеттік сыйлықты беру туралы қаулысы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Күніне орай баспасөзде жарияланады.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 797 ( алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
1 9 9 6                      ж ы л ғ ы                      7                      т а м ы з д а ғ ы  
N                      9 8 3                      қ а у л ы с ы м е н  
қосымша

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің ТІЗБЕСІ**

1. "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 11 тамыздағы N 666 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 32, 489-бап).

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 11 тамыздағы N 666 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 9 тамыздағы N 888 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 34, 374-бап).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 16 мамырдағы N 525 қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 22, 229-бап).

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 9 тамыздағы N 888 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 24 желтоқсандағы N 1462 қаулысы .